Товарищество с ограниченной ответственностью

«Маңғыстауэнергомұнай»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ИМЖ СТАНДАРТЫ

«ӨМІРЛІК МАҢЫЗЫ БАР ҚАҒИДАЛАР» ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СТАНДАРТЫ

МЕМ-ST-05-07

Ақтау қ.

2023 ж.

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

Алғаш рет әзірленді.

КЕЛІСІЛДІ:

№	Лауазымы	Тегі және аты-жөні	Қолы	Күні
1.	Бас директордың адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі орынбасары	Избасов Б.Н.		
2.	Құқықтық қамсыздандыру, корпоративтік қауіпсіздік тобының жетекшісі	Соколова М.Н.		
3.	Өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы	Кудабаев С.У.		
4.	Сапа жөніндегі аға инженер (тәуекелдерді басқару жөніндегі маман)	Байманасов Ж.А.		

Мазмұны

1. Мақсаты және жалпы ережелері 3
2. Қолдану саласы 3
3. Анықтамалар мен қысқартулар 3
4. Жауапкершілік 4
5. Сипаттама 4
5.1. Өмірлік маңызы бар қағидалар 4
5.2. Көшбасшылық және бейілділік.....5
5.3. Жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігінің жалпы талаптары 5
5.4. Жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу қауіпсіздігінің талаптары.....6
6. Қорытынды ережелер.....6
7. Нәтижелілік критерийлері 9
8. Құжаттарға сілтемелер.....9

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. «Өмірлік маңызды қағидалар» стандартының (бұдан әрі – Стандарт) мақсаттары:

1) «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС (бұдан әрі - МЭМ) қызметінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарына және ішкі нұсқаулық құжаттарға сәйкес жүзеге асыру;

2) жұмыс орнындағы қызметкердің өліміне немесе ауыр зардаптармен жарақат алуға әкеп соғуы мүмкін тәуекелдерді, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды төмендету бойынша қарапайым, нақты және дәйекті ақпарат беру, сондай-ақ қызметкерлердің өмірін сақтау үшін қорғаныс тосқауылдары (барьерлар) мен қауіпсіздік шараларының болуы;

3) МЭМ мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мәдениетті арттыру.

1.2. Осы Стандарт еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық талаптарға, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы МЭМ саясатына, MEM-PR-05-42, MEM-MAN-01, MEM-ST-05-03, Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) үздік әлемдік тәжірибелері, тәсілдері мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2.1. Осы Стандарт талаптары МЭМ қызметкерлері мен сондай-ақ мердігер мекемелер үшін барлық ілеспе жұмыстар және өндірістік нысандарда көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау міндетті.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚМГ компаниялар тобы	ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар
Сыни қорғаныс құралдары / тосқауыл	Ықтимал қауіпті іске асыру ықтималдығын азайтуға және оның салдарларын азайтуға бағытталған қорғау шаралары
Қауіпсіздікке арналған сыни жабдық	Бірлі-жарым істен шығу жағдайында қауіпті жағдайға немесе апатқа әкеп соғуы мүмкін жабдық немесе оның жеке бөлігі, басқару жүйесі немесе қорғаныс құрылғысы
Өмірлік маңызы бар қағидалар	Жетекші мұнай-газ компанияларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы озық халықаралық тәжірибесі негізінде әзірленген, жұмыс орнындағы тәуекелдер туралы және қызметкерлерді қорғау үшін қорғаныс тосқауылдарды тиісінше пайдалану туралы қарапайым, нақты және дәйекті ақпарат беретін жұмыстарды қауіпсіз орындаудың негізгі талаптары

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

Заңнамалық талаптар	Халықаралық конвенциялар, стандарттар мен шарттарды, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық және рұқсат құжаттарында қамтылатын талаптар
Мердігерлік ұйым (мердігер)	ҚМГ-мен жасалған мердігерлік шарт бойынша белгілі бір жұмысты орындайтын жеке немесе заңды тұлға
Нысан (осы құжаттың мақсаттары үшін)	Құрамдарына қауіпті өндірістік нысандарда қолданылатын техникалық қондырғылар, қауіпті өндірістік нысандар, станциялар, қондырғылар, жабдықтар, темір жолдар, тас жолдар, ғимараттар, құрылыстар, көлік құралдары, арнайы техникалар аумақтар мен басқа да инженерлік құрылыстарға кіретін өндірістік нысандар

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. МЭМ басшылығы және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары МЭМ қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдар қызметкерлерін осы Стандарттың талаптарымен таныстыру, енгізу, олардың орындауы және орындауына бақылау үшін жауапты болады. МЭМ басшылығы Стандарт талаптарына бейілділігін көрсете отырып үлгі болуы тиіс.

4.2. МЭМ басшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мердігерлік ұйымдармен қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде осы Стандарттың талаптарымен таныстыру және қызметтер көрсету кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

4.3. Қ,ЕжҚОҚБ басшысы осы Стандарттың өзектілігін сақтап тұруға жауапты.

4.4. МЭМ қызметкерлері еңбек қызметінде осы Стандарттың талаптарын орындауға міндетті.

4.5. Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің осы Стандартты орындау туралы жауапкершілігі шарттық міндеттемелер негізінде регламенттеледі. Бұл ретте МЭМ басшылығы жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге арналған шартты жасақтау кезінде мердігерлік ұйым үшін осы міндеттемелерді айқындауға жауапты болады.

5. СИПАТТАМА

5.1. Өмірлік маңызы бар қағидалар

5.1.1. Өмірлік маңызы бар қағидалар оқиғалар туралы деректерді талдау кезінде сыни қорғану құралдарының/тосқауылдардың болмауы және (немесе) жетілмегендігі салдарынан қызметкерлердің өлімге немесе жарақаттануына әкеп соғуына неғұрлым ықтимал болатын жұмыс түрлеріне зейін қояды (деректерді талдау кезінде ҚМГ компаниялар тобы бойынша деректер міндетті түрде қарастырылады).

5.1.2. Өмірлік маңызы бар қағидалар жұмыс орнындағы барлық тәуекелдер мен қауіптерді жоюға арналмаған, олар ауыр зардаптарға немесе өлімге әкелуі мүмкін әрекеттерге назар аударуға арналған.

5.1.3. Өмірлік маңызы бар қағидалар әртүрлі жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігінің негізгі қағидаларын сақтаудың күшін жоймайды, керісінше оларға толықтыру болып табылады.

5.1.4. Өмірлік маңызы бар қағидалар белгіленген Заңнамалық талаптарға және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға толық көлемде сәйкес келеді.

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

5.2. Көшбасшылық және бейілділік

5.2.1. МЭМ барлық қызметкерлері еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі мәселелеріне жеке бейілділігін көрсетуге тиіс.

5.2.2. МЭМ басшылығы мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, оның ішінде жұмыстарды қауіпсіз орындауды жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау процестеріне тікелей қатысу арқылы өзінің жетекшілік рөлін мойындайды.

5.3. Жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігінің жалпы талаптары

5.3.1. Заң талаптарын, МЭМ бекіткен ішкі құжаттар рәсімдерінің және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қағидалардың талаптары бұлжытпай орындалуы қажет.

5.3.2. Барлық жұмыстар келесі шарттар сақтала отырып орындалуы тиіс:

1) жұмыс басталғанға дейін бар тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға талдау жүргізіп, ықтимал жағымсыз оқиғалардың алдын алу және олардың салдарының ықтималдығын және (немесе) ауырлығын төмендету үшін қажетті іс-шаралар әзірлеп, орындаушыларға жеткізіліп, орындалады;

2) жұмысты орындау басталар алдында авариялық жағдай, өрт туындаған жағдайларға арналған іс-қимыл айқындалған және қажетті ресурстар бар;

3) қауіптілігі жоғары жұмыстарға тиісті үлгідегі наряд-рұқсат ресімделіп, жұмыстар жүргізілетін аумақ сигналдық ленталармен және (немесе) қауіпсіздік белгілерімен белгіленген;

4) жұмыстарды орындаушылардың құзыреті бар және олар жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне, өрт, өнеркәсіптік және көлік қауіпсіздік шараларына оқытылған, денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жіберілген, жұмыстарды орындауға жарамды және олардың тиісті біліктілігі бар;

5) қызметкерлерге қауіпсіз жұмыс жүргізу бойынша нұсқамалық өткізіліп және олар нұсқаулықтармен таныстырылады;

6) ұйым өрт, өнеркәсіптік және көлік қауіпсіздігі тұрғысынан қандай рәсімдер мен жабдықтар сыни екенін анықтады және жауапты қызметкерлердің оларды нақты түсінуін қамтамасыз етті;

7) жеке және ұжымдық қорғау құралдары қол жетімді, олар ықтимал тәуекелдер/қауіптер және зиянды өндірістік факторлар мен нысанындағы жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге қойылатын талаптар ескеріле отырып қолданылады;

8) алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі, сондай-ақ денсаулық жағдайы болмауы бойынша жұмыстарды орындауға жарамсыз адамдардың болуына жол берілмейді;

9) жұмыстарды жүргізу орнына осы жұмысты орындауға қатысы жоқ адамдарды жіберуге жол берілмейді;

10) Барлық өндірістік қызметкерлер алғашқы көмек көрсету жөніндегі қағидаларға оқытылды, ал әкімшілік-басқару қызметкерлері дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету шараларымен танысады;

11) қауіпсіздік жабдықтары, механизмдері, құралдары мен құрылғылары нақты жұмыс түріне жарамды және бұзылмаған;

12) әрбір қызметкер жүргізіліп жатқан жұмыстың қауіпсіздігіне күмән келтірсе, теріс салдарсыз жұмысқа араласуға немесе оны тоқтата тұруға құқылы.

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

5.4. Жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу қауіпсіздігінің талаптары.

Төменде атап өтілген талаптар жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігінің жалпы қағидаларына толықтыру болып табылады.

5.4.1. 1-қағида: Қауіпсіздік шараларын айналып өту

5.4.1.1. Критикалық қауіпсіздік шаралары қызметкердің өліміне немесе ауыр зардаптармен жарақат алуына және басқа да ірі авариялarға әкеп соғуы мүмкін оқиғалардың алдын алуға арналған жабдықтарды (мысалы, өртке қарсы және жарылыстан қорғау жүйелері, қоршаулар, бұғаттағыштар, сигнализация және қауіпсіздікті бақылауға арналған жабдық) қамтиды.

5.4.1.2. Дұрыс орындалмаса, өлімге немесе ауыр зардаптарға және басқа да ірі апаттарға әкелуі мүмкін процедуралар.

5.4.1.3. Қорғайтын жабдықты бұғаттау немесе ажырату үшін алдында рұқсат алу қажет:

1) Мен орындалатын тапсырмаға қатысты қауіпсіздік үшін маңызды жабдықтар мен процедураларды қолданамын;

2) Мен:

– қорғау жабдығын бұғаттау немесе ажырату;

– белгіленген рәсімдерден ауытқу;

– қорғаныс қоршауының қиылысын кесіп өту алдында рұқсат аламын.

5.4.2. 2-қағида: Тұйық кеңістікте жұмыстарды жүргізу

5.4.2.1. Тұйық кеңістік (мысалы, жарылғыш, улы немесе оттегінің болмауы, құлау және сүріну қаупін тудыруы мүмкін басқа қауіпті заттар болуы мүмкін резервуарлар, сыйымдылықтар, шұңқырлар немесе құбырлар) – бұл барлық жағынан шектелген кеңістік, кіру және шығу қиын немесе шектеулі және олар арқылы жылдам өтуге кедергі келтіредтін кеңістік. Тұйық кеңістікте жұмыс жүргізу басталар алдында наряд-рұқсатнаманы ресімдеу қажет.

5.4.2.2. Тұйық кеңістікке кірер алдында рұқсат алыңыз:

1) Мен энергия көздерінің оқшауланғанын растаймын;
2) Мен тұйық кеңістіктегі атмосфера тексеріліп, бақылатындығын растаймын;
3) Қажет болған жағдайда тыныс алу аппаратын тексеріп, қолданамын;
4) Мен жұмысты орындағанда көмекші-кезекшінің қатысатынын растаймын;
5) Мен төтенше жағдайдағы іс-қимыл жоспарының бар екендігін растаймын;
6) Мен кірер алдында рұқсат аламын.

5.4.3. 3-қағида: Көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу

5.4.3.1. Жүргізуші мен жолаушылар бір-бірінің қауіпсіздігі үшін жауап беруі керек, соның ішінде барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін тағып бекітілгеніне көз жеткізуі керек.

5.4.3.2 Қызметтік міндеттерді орындауға жарамдылық қызметкердің тапсырманы өзі немесе басқалар үшін қауіпсіз және қолайсыз тәуекелсіз орындай алуын қамтамасыз етуді, оның ішінде есірткі мен алкогольдің әсерінде болмауды білдіреді.

5.4.3.3. Қауіпсіз жүргізу қағидаларын сақтаңыз:

1) Мен әрқашан қауіпсіздік белдігін тағып аламын;

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

2) Мен белгіленген жылдамдық шегінен аспаймын және оны жол жағдайларына сәйкес азайтамын;

3) Мен көлік жүргізгенде телефондарды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаймын;

4) Мен жолға шығар алдында демалып алып және көлік жүргізгенде мүмкіндігінше мұқият боламын;

5) Мен жол жүру ережесін және сапарларды басқару талаптарын орындаймын.

5.4.4. 4-қағида: Қуат көздерін оқшаулау

5.4.4.1. Энергия көздерін оқшаулау жұмыскерлерді электр, қысым және кернеу жабдықтары сияқты қауіптерден қорғайды. Кез-келген қалдық энергияны (мысалы, гидравликалық немесе пневматикалық) жұмыс басталмай тұрып түсіріп тастау керек.

5.4.4.2. Жұмысты бастамас бұрын энергия көздерінің оқшаулауын және кернеудің жоқтығын тексеріңіз:

1) Мен барлық энергия көздерін анықтадым;

2) Мен барлық қауіпті энергия көздерінің оқшауланғанын, өздігінен қосылудан оқшауланғанын және тиісті таңбамен қамтамасыз етілгенін растаймын;

3) Мен кернеудің жоқтығына көз жеткіздім және қалдық немесе жинақталған энергияның бар-жоғын тексердім.

5.4.5. 5-қағида: От жұмыстары

5.4.5.1. Отпен жасалатын жұмыстар құрамында көмірсутектер немесе тез тұтанатын материалдар болуы мүмкін аймақта орындалатын, тұтану көзін құратын кез келген жұмыстар жатады.

5.4.5.2. Тұтану көздері – бұл дәнекерлеу, тегістеу, темекі шегу, өртеу, қауіпті материалдарды тиеу(түсіру), ішкі жану қозғалтқыштары, химиялық реакциялар, батареялар және т. б. сияқты жұмыс аймағындағы материалдар тұтана алатын ашық жалын немесе жылу көздері.

5.4.5.3. Оңай тұтанатын заттар мен тұтану көздерін бақылаңыз.

1) Мен өрт көздерін анықтап, бақылап отырамын;

2) Кез келген от жұмыстарын бастар алдында:

– Мен оңай тұтанатын заттардың жұмыс аймағынан шығарылғанын немесе оқшауланғанын растаймын;

– Мен жұмыстарды орындауға рұқсат алдым;

3) Қауіпті аймақта отпен жасау жұмыстарын бастар алдында мен:

– ауа ортасын талдау орындалғанын;

– газдану мониторингісі тұрақты негізде жүргізілетінін растаймын.

5.4.6. 6-қағида: Қауіпті аймақ

5.4.6.1. Басқа Өмірлік маңызы бар қағидалар нақты іс-әрекеттерге бағытталған, ал бұл Қағида жұмыскерлердің қозғалатын және құлайтын заттар мен олардың арасында қысылу қауіптілігі туралы хабардар болуын арттыруға арналған. Қауіпті аймақпен байланысты қауіптер тапсырманы орындағанға дейін және орындау кезінде әрдайым анықтала бермейді

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

(мысалы, жер асты және әуе электр желілері, құбырлар, қысыммен жұмыс істейтін объектілер, жинақталған энергия, кернеулі желілер, жер қазу жұмыстарын орындағанда траншеялар мен шұңқырлардың әлсіз тірелген қабырғалары, жүктер мен жабдықтардың орнын ауыстыру).

5.4.6.2. Жұмыстарды орындағанда бригада қауіпті аймақта болмау үшін айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отыруы тиіс. Қызметкерлер олардың көлік құралдарының жүргізушілеріне және жабдық операторына көрініп тұрғанына көз жеткізуі тиіс.

5.4.6.3. Қауіпті аймаққа кірмеңіз және оған басқа адамдардың кіруіне жол бермеңіз.

1) Мен орналасқан жерімді:
– қозғалатын объектілерден;
– көлік құралдарынан;
– қысым шығарындыларынан;
– құлайтын объектілерден тап болмайтындай етіп таңдаймын.

2) Мен қорғайтын тосқауылдар мен қоршауларды орнатамын және оларды бұзбаймын;

3) Мен бекітілмеген заттарды бекіту үшін әрекет жасаймын және заттардың құлау қаупі туралы хабарлаймын.

5.4.7 7-қағида: Жүк көтеру жұмыстарының қауіпсіздігі

5.4.7.1. Жүк көтеру жұмыстарын сертификатталған жабдықты пайдалана отырып, құзыретті персонал жоспарлауы және орындауы тиіс. Жүк көтеру жұмыстарының айналасында адамдарды қорғау үшін физикалық тосқауылдар мен тыйым салынған аймақтар бақылануы керек.

5.4.7.2. Жүк көтеру жұмыстарын жоспарлаңыз (Жүк көтеру жұмыстарындағы қауіпсіздік) және жұмыс аймағын бақылаңыз:

1) Мен жабдық пен жүктің тексерілгенін және мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамды деп танылғанын растаймын;

2) Мен біліктілігіме сәйкес пайдалануға рұқсат берген жабдықпен ғана жұмыс істеймін;

3) Мен қорғау тосқауылдары мен қоршауларды орнатамын және оларды бұзбаймын, ешқашан жүктің астынан өтпеймін.

5.4.8. 8-қағида: Қауіптілігі жоғары жұмысты жүргізуге наряд-рұқсат

5.4.8.1. Жұмысқа рұқсат – бұл «Наряд-рұқсат» нысанына қол қоятын жауапты адам ғана емес: бұл қауіпті жұмыс түрлерін бастауға рұқсат алу қажеттілігі.

5.4.8.2. Жауапты адам жоспарланған жұмыстың қауіпсіз екендігіне, қорғау құралдары/тосқауылдардың қолданылғанына, орнатылғанына және тиімді екендігіне, сондай-ақ тапсырма жұмыс жоспарына сәйкес орындалуы мүмкін екендігіне көз жеткізуі және растауы керек.

5.4.8.3. Жұмысты қолданыстағы наряд-рұқсат болғанда жасаңыз.

1) Наряд-рұқсаттың қажеттілігіне көз жеткіздім;
2) Менің жұмысты орындауға уәкілеттігім бар;
3) Мен наряд-рұқсаттың мақсатын түсінемін;
4) Мен тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың бақылауда тұрғанын және де жұмысты қауіпсіз бастауға болатынын растаймын;

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

5) Жағдайлар өзгерген уақытта мен жұмыстарды тоқтатып тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды қайта бағалаймын.

5.4.9. 9-қағида: Биіктіктегі жұмыс

5.4.9.1. 1,3 метрден астам биіктіктен құлау қаупі бар, қорғалған аймақтан тыс жерде жасалатын биіктіктегі жұмыс (мысалы, тұтқалармен қоршалмаған көтеріңкі орналасқан жұмыс алаңында) құлаудан қорғау үшін сертификатталған, сенімді бекіту нүктесіне бекітілген жабдықты пайдалануды талап етеді. Биіктіктегі жұмыстың басқа түрлеріне баспалдақтар, су үстіндегі жұмыстар, едендегі саңылаулар, кіру люктері және қарау шұңқырлары жатады. Құлауды болдырмау үшін едендегі ойықтар физикалық бөгеттермен жабылуы тиіс.

5.4.9.2. Заттардың биіктіктен құлап түсуін болдырмау және жұмыс аймағының астында физикалық тосқауылдарды пайдалану төменде жұмыс жасайтын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

5.4.9.3. Құрылыс сатылары (ағаштары) тиісті түрде тұрғызылуы, тексерілуі және сертификатталуы қажет.

5.4.9.4. Биіктікте жұмыс жасағанда өзіңізді құлаудан сақтаңыз:

1) Мен пайдаланар алдында сақтандырғыш жабдықты тексеремін;

2) Мен құрал-саймандар мен жұмыс материалдардың құлап түспеуіне жол бермеу үшін оларды бекітіп қоямын;

3) Мен әрқашанда қорғалған аймақтан тыс жерде биіктікте жұмыс жасағанда сақтандырғыш белдікті бекітіліп тұрған тіреу нүктелеріне іліп бекітемін.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Стандартты бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу МЭМ басқармасының құзыретіне жатады.

6.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе МЕМ-ST-05-03 стандартының өзгеруі нәтижесінде Стандарттың жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Стандарттың аталған нормалары күшін жояды және Стандартқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін МЭМ қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және МЕМ-ST-05-03 стандартын басшылыққа алады.

7. НӘТИЖЕЛІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

Тиімділік критерийлері:

7.1. МЭМ мекемесінің заңнамалық талаптарын және осы Стандарттың талаптарын сақтау.

7.2. МЭМ мекемесінде және мердігер мекемелерде жазатайым оқиғалар мен жарақаттардың алдын алуға және болдырмауға бағытталған жұмыс орнындағы тәуекелдерді\ қауіпті және зиянды өндірістік факторларды тиімді бағалау.

8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

МЕМ-PR-05-42	«Маңғыстауэнергомунай» ЖШС қызметкерлерінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.

	талаптарды сақтау бойынша көшбасшылық және бейілділік қағидалары
MEM-MAN-01	«Маңғыстауэнергомунай» ЖШС денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі бойынша басшылық
MEM-ST-05-03	«Маңғыстауэнергомунай» ЖШС еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі стандарты

Осы құжат «Маңғыстауэнергомунай» ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.
Егер онда көшірме нөмірі көрсетілмесе, бұл құжат бақыланбайтын болып табылады.